

Берен ШАҒЫРОВ

Қазақтар қаша батыр шықты?

Соғыста бүкіл КСРО бойынша 12 мыңнан астам жауынгер, командир, колбасшы, партизан, қарапайым халық өкілдері 1934 жылы белгіленген ең жоғарғы құрмет – Кеңес Одағының Батыры атағын иеленді. Солардың қатарында қазақ азаматтарының саны 103 деген мәлімет бар. Бұған дейін аталған көрсеткіш бұрынғы деректерде, тіпті тарих оқулықтарының беттерінде бірде 95 немесе 97, енді бірде 98 болып берілген болатын.

Міне, соны нақтылай түсу мақсатында көптеген анықтамалық кітаптардағы 12 мыңнан астам батырдың өмірбаяны зерделенді. Өзбек иеленіп кеткен айтулы қазақтар: генерал-майор

Сабыр Рахимов пен бөлімше командирі Расул Есетов осы санатқа қосылды. Дәлірек айтқанда, соғыс кезеңінде бұл атақ 100 адамға нақты берілсе, 1946 жылы оны Құдайберген Сұрағанов, 1965 жылы генерал Сабыр Рахимов ал 1990 жылы Бауыржан Момышұлы алды. Бұл – таза ұрыс алаңында барлығы 103 қазақ осы жоғары атаққа ие болды деген сөз.

Кейін, яғни бейбіт кезеңде оған қазақтың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіров, Ауған соғысының қаһарманы Қайырболат Майданов қосылды. Соңғы азамат кейіннен Шешенстандағы қантөгісте Ресей Батыры атағын да иеленді. Өкінішке қарай 2000 жылы оның тікұшағы атып

түсіріліп, өзі қазаға ұшырады. Бұдан тыс 90 жылдардың соңында көш те болса Ресей Батыры атағын Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан ұшқыш-радиот жетісулық Бақтыораз Бейсекбаев та алды.

Бұл деректер осыдан 30-40 жылдай бұрын шыққан көптомдық «Герой Советского Союза», «Қазақстандық Совет Одағының Батырлары», «Қазақ Совет Энциклопедиясы» кітаптары негізінде қорытылғандықтан, олардың өмірбаяндық деректері сол кезге сәйкес келеді. Қазіргі таңда соғыстан тірі оралған батырлардың дені өмірден өтіп кеткендігін қаперде ұстаған жөн. Соңғы шыққан «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясында батырлар шінара қамтылыпты.

Атап айтқанда, жалпы тізім түрінде берілген. Бірақ олардың өзі, өкінішке қарай, толық емес.

Жас ұрпақ соғыс ардагерлері мен майданда бақытты болашақ үшін от кешкен, ұрыс даласынан қайтпаған қаншама боздақтарға бас иіп, құрмет көрсету қажет. Өйткені күллі адамзаттың алдындағы міндет – тарихи шындықты өзгеріссіз жеткізу. Бұл – бүгінгі жастардың парызы ғана емес, аға буынның кейінгі буынға қалдырған аманатын орындауы. Егемен еліміздің бүгінгі толқыны аға ұрпақтың даңқты ерлігі мен жауынгерлік дәстүрін абыроймен жалғастырып, аманатына адал болуы тиіс. Ата-бабамыздың Отан үшін істеген ерлігін, қадір-қасиетін ұғыну – бізге міндет.

Сұрапыл ұрыстың көп адамды жалмағаны ақиқат. Ұлы Отан соғысында қанша отбасы қара жамылды. Қаншама саби өкесіз жетімнің күйін көшті. Статистикаға көз жүгіртсек, бұрынғы Кеңес Одағы тұсында 27 миллиондай адам көз жұмды. Қазақстаннан көптеген жауынгер жауға қарсы жан аямай шайқасты.



P.S. Айтпа кетейік, 2022 жылдың 1 сәуіріндегі жағдай бойынша Қазақстанда Ұлы Отан соғысының 387 қатысушысы мен мүгедегі тұрады екен. Бір жыл бұрын дәл осы уақытта елімізде Ұлы Отан соғысының 665 ардагері мен соғыс кезінде мүгедек болған адам тұрған. Осылайша олардың саны бір жылда 278 адамға азайып отыр. Жақында ҰОС ардагерлері мен оларға теңестірілген тұлғалар қандай төлем алады деген сұраққа еңбек министрлігі жауап беріп, бұл мәселені әр өңір әкімдігі өз бетінше шешетінін айтты. Алайда министрліктің ұсынымдарына сәйкес, барлық өңірде кемінде бір рет материалдық көмек көрсету көзделген: ҰОС қатысушылары мен мүгедектеріне – 1 миллион теңге, концлагерьлердің көмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына – 100 мың теңге, қоршаудағы Ленинград тұрғындары мен ҰОС кезінде қаза тапқандардың жесірлеріне – 60 мың теңге, ҰОС қайтыс болған мүгедектердің әйеліне (күйеуіне) және тыл еңбеккерлеріне – 30 мың теңге.

Мәлдір САБЫРЖАН



9 мамырда Tengrinews.kz жаңалықтар порталында Ұлы Отан соғысының қазақстандық ардагерлерін еске алуға арналған «Жеңімпаздар. Батырларға тағым» онлайн-акциясы ұйымдастырылады. Жоба аясында оқырмандар жаңа есімдермен танысады. Жоба биыл ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен өтпек. «Жеңімпаздар» – 2014 жылғы 9 мамырдан

бастап Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тыл еңбеккерлері туралы 3,5 мыңнан аса оқиға жарияланған жоба. Қазақстан мен өзге ел оқырмандары мұнда жарты ғасырдан аса уақыт бұрын майданға аттанған атасы, әжесі, достары туралы ақпарат жібереді.

Қазақстандық ҰОС ардагерлер қоры Tengrinews.kz негізін қалаушы және Alash Media Group холдингінің басшысы

Батыр Қазыбаевтың бастамасымен жүзеге асты.

«Жоба қазақстандық ардагерлер туралы тағы бір қорды қалыптастыру және оны аталарын еске алатын, құрметтейтін адамдардың көмегімен жүзеге асыру үшін қолға алынды. Бұл жоба мұрағат болады деп үміттенбейміз. Бұл – қарапайым картотека. Кез келген адам ата-бабасы, отбасындағы батырлар туралы

ақпарат жариялай алады. Соғыспен байланысты әр отбасы ұмытылмауы керек. Құнды естеліктерді сақтамасак, қалпына келтірмесек, болашағымыздың бір бөлігін жоғалтамыз. Жобаның басты мақсаты осы», – деп атап өтті Батыр Қазыбаев. Жоба оқырмандарды Қазақстанның белгісіз батырларымен таныстырады, ардагерлердің туыстарына соғыстан кейін байланысы жоғалған жақындарын табуға көмектеседі.

«Жеңімпаздар» жобасына арналған ардагерлердің ерлігі туралы оқиғаларды +7-70-09-05-1945 WhatsApp арнайы нөміріне жіберуге болады. Сюже тілі жіберген кезде ардагердің аты-жөні, туған күні, туған жылы және туған жері, атағы, әскердегі тегі сияқты толық мәліметтерін көрсету керек, сонымен қатар бірнеше сурет тіркеу міндетті. Батырлардың жақындарынан <https://kaz.tengrinews.kz/pobediteli/sendinfo/> сілтемесіне өтіп, анкета толтыруы сұралады.

ОҚЫРМАН ХАТЫ

Өмірге келген әрбір перзент ата-анасы үшін қарыздар. Осы күні түрлі жетістіктерге қол жеткізіп, маңайып жүргеніміз солардың арқасы. Сондықтан өмірі өнегеге толы жандар жайлы айтпау, еске алмау перзенттігімізге сын. Өкөнің еңбегі ұрпағы үшін үлкен азық. Бұл жағынан біз бақытты жандардың сапындамыз. Өмір бұлағының бастауы болған асқар тау әкеміз Мырзахан Ибадуллаев 1922 жылы Жаңақорған ауданы, Бесарық ауылында, Қаратаудың бөктерінде Бұйра әулетінде дүниеге келген.

Әкеміз мейірімі оттың жалынынан да ыстық анасының құшағында, өнеге көріп, ер жетеді. 18 жасқа толғанда әскерге шақырылып, 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталғанда ары қарай өз еркімен елін, жерін қорғау үшін соғысқа аттанады. Әкеміз де Ибадулла атамыздай сұңғақ бойлы, тапқыр, жастайынан зерек болып өскен. Түрлі аң-құстың дауысын салатын қабілеті бар екен. Сондықтан соғыс кезінде әкемізді барлаушылыққа 6 ай дайындап, майданның алғы шебіне, соғыс стратегиясын бақылауға жібереді. Талай жанның көз жасын көп етіп, бірін перзент, бірін асыл жар, ал бірін асқар тау әкеден айырмау сұм соғыс жылдарында алғы шепте жүріп, Совет Одағының батыры Әлия Молдағұловамен кездесіп, пікірлесу бұйырады.

Әкеміздің сұрапыл соғыста жүргенде Жаратушыдан сұраған үш тілегі болған екен: біріншісі туған жерге, елге аман-есен абыроймен қайта оралып, анасымен қауышу. Екіншісі – батыр қыз Әлиядай ақылды да қайсар қазақ қызына үйленіп, отбасылы болу. Үшіншісі – қазақтың санын көбейтіп, ұрпағын еңбексүйіштікке баулу. Біз әкемізбен еңгімелесіп отырғанда анамыз жайлы жиі айтатын. «Аналарың Әлия сол кездегі көрші колхоз басшысының қызы болды, сұлулығына сүйсініп, ақылдылығына тамсанып, шаңырақ құрдым» деп еске алып отыратын.

Мейірімділіктің үлгісіндей болған асыл жүзді анамыз Әлия Қаражон колхозында дүниеге келген. Сұрапыл соғыс жылдарында 12 жасар бала болса да анасы Санатай әкемізбен бірге тылда еңбек етіпті. «Ветеран труда», «Күміс алқа» медалінің иегері, алтын құрсақты көпбалалы батыр анамызды отбасы ғана емес, ауыл халқы, ел-жұрты мен көрші-қоландары да сыйлап, ерекше құрметтейтін. Отбасымызда 5 қыз, 1 ұл, бір-бірімізге қамқор, тату болып бой түзеді. Ата-анамыз қонақжай болғандықтан ауданға, совхозға келген әрбір ақын, жазушы, өнер қайраткерлері, Қазақстан мен Өзбекстан Республикасының халық артистері үйге қонақ болатыны есте. Олардың ішінде Сәбира Майқанова, Шара Жандарбекова, Жамал Омаровалар бар.

Әкеміз биыл тірі болғанда 100 жасқа толар еді. Ұлы Отан соғысының ардагері, адалдық пен адамдықтың үлгісі болған әкеміз жайлы, алақаны ыстық анамыз жайлы естеліктер ескірмейді. Сөз соңын дәрігерлік жолды таңдауыммен сабақтасам. Менің дәрігер болуыма әкеміз осы соғыс жылдарында барлаушы болып, мұз жастанып, қар жамылып, тар жол, тайғақ кешіп жүріп, созылмалы дертке ұшырауы, түрлі жарақаты себеп болды. Сол күндерден бастап әкеміздің дертін емдесем, дәрігер болсам, жаны күйзелген жандарға араша түссем деген оймен жүріп, соған қол жеткіздім. Ендігі мақсатым – әке жолын жалғап, еліме пайдамды тигізу.

Айымхан ИБАДУЛЛАЕВА





Құжат - тарих куәсі

Сәуір айында Қазақстан Қарулы күштерінің мемлекеттік әскери-тарихи музейінде Мәскеу үшін шайқасқа қатысқан қазақстандық жауынгерлер туралы мұрағат құжаттарын тапсыру рәсімі өткізілді.

Атап айтқанда, бұған дейін Ресей мемлекеттік саяси-әлеуметтік тарих мұрағатының құпия құжаттары – Кеңес одағының батыры Бауыржан Момышұлына қатысты деректер немере інісі Бекет Момышұлыға табысталды. Олардың қатарында бірнеше маңызды құжат бар. Мәселен, Б.Момышұлына рәсімделген жалпыодақтық коммунистік партия мүшесінің тіркеу бланкісі, сондай-ақ ЖКП мүшесінің партиялық билеті мен есеп карточкасы және «Адам соғысуға үйренеді» атты мақаласы, КСРО Жоғары кеңес президиумының «Б.Момышұлы туралы» қаулысы сынды құжаттарды батырдың туысына Ресей Федерациясының Қазақстандағы төтенше және өкілетті елшісі Алексей Бородавкин тапсырды.

– Құрметті достар, биыл екі елдің дипломатиялық қарым-қатынасына 30 жыл толып отыр. Біз одақтаспыз әрі доспыз. Қазақстандық достарымызға табысталған мұрағат құжаттары осы достықты әрі одақтас қарым-қатынасымызды растап отыр, – деді Бородавкин.

Осы орайда дипломат 1941 жылы құрылған қазақстандық дивизиялардың Мәскеуді жанжырлық ерлікпен қорғағанын еске алды. Олардың арасында жауға тойтарыс беріліп, де тоқталды. – Соңғы жылдары тарихты бұрмалау көбейіп кеткен. Панфиловшылардың ерлігіне де күдікпен қарайтындар бар. Бірақ бүгінгі мұрағат құжаттары осы ақпаратты жоққа шығарып, қазақстандық жауынгерлердің қасық қаны қалғанына шайқасқанын растап отыр. Олардың ерлігі ұмытылмайды, – деп атап өтті Бородавкин.

Оның айтуынша, барлық құжаттың құпия белгісі болған. Ал оны ашық жариялау үшін үлкен жұмыс атқалды. Бұрмаланбақ кедергілер де болды. Алайда барлық мәселе шешіліп, мұрағат құжаттары уақытында жеткізілді.

Бауыржан Момышұлының қай еңгімесін оқысаң түшымды, мағыналы, тәрбиелік мән бар. Ол көбіне жастарды әскерге бару керекін, Отан алдындағы борышын өтеу қажеттігі, елінің патриоты болуды, ата-анаға қызмет етуді арқау етеді. Бүгінде өзектілігі жоймаған тақырыптарды жан-жақты зерттеп, саралап, түшымды ой насихаттады.

Бізге Бауыржан Момышұлының еңгімелерін түрлі алатын дүние көп. «Айтылмаған ақиқат» кітабының өзінде гуманизмалық деректемелер, өскен ортасы мен қоғамдағы ірі мемлекет қайраткерлері, қаламгер әріптестері жөнінде жеке жазбалары қамтылған. Соғыста жүрсе де жазу-сызуды тастамаған батырдың мақалдары ел аузынан түспек емес.

М.САБЫРЖАН

Қазақ тарихының қай кезеңінде де елге қауіп төнсе, ер азаматпен қайсар арулар қатар қызмет еткенін білеміз. Тіпті Ұлы Отан соғысы кезеңінде ерлігімен көзге түсіп, келтің есінде қалған қаншама ару бар. Мемлекет пен Әлианың абыройға толы тағдыры сөзіміздің дәлелі бола алады. Ал қазіргі бейбіт күндегі Отан қорғау, елге қызмет етудің айқын көрінісі – құқық қорғау саласы. Мұнда да отбасы мен ұлы қызметті қатар алып жүрген нәзікжанды жетерлік. Солардың қатарында бүгінгі кейіпкерлеріміз бар.



ШЕНДІК ҚЫЗМЕТ ПЕН КЕЛІНДІК ҚЫЗМЕТ

Қызыл-ордалық батыр ана Гүлзат Әшімова – еңбекқор полицейдің бірі. Құқық қорғау органының қызметкері өзіне жүктелген міндетті жауапкершілікпен орындап келеді. Бүгінде ол – аға лейтенант. Жұмысқа белек үйде алты баланың анасы. Шендік қызметі мен келіндік қызметін қатар алып жүрген Гүлзат Бақытбекқызы Қызылорда қаласына қарасты Қараөзек станциясында дүниеге келген. Бала кезінен ата-анасына қолғабыс болып, ауыл тіршілігін жақсы меңгерген. Мектепте үлгілі оқушылардың бірі болған кейіпкеріміз бала кезден полицей атануды арман етіпті. Кейін осы мақсатына жету үшін оқу орнын тәмамдап, еңбек жолын жасөспірімдермен жұмыс істеуден бастаған.

«2004 жылы құқық қорғау органына қызметке орналастым. Бастапқыда сол уақыттағы ОИД кәсілетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және оңалту орталығына жұмысқа тұрдым. Бұл мекемеде тағдыры қиын балалардың тәрбиесіне жауапты болдым. Бүгінде оған болған жоқ. Тәжірибесі мол әріптестерім көп қолдау көрсетті. Қазіргі таңда Қызылорда қалалық полиция басқармасына қарасты жедел басқару орталығының маманымын. Адам көп шоғырланған аумақтарда бақылау камералары арқылы қылмыстың алдын алуға және қылмысты дер кезінде ашуға жауаптымыз», – дейді полицей.

Расыммен, Гүлзат Әшімованың жұмысы ең бірінші кезекте мұқияттылық пен қырағылықты қажет етеді. Бейнебақылау камералық арқылы азаматтардың іс-қимылын бағамдап отырады. Күдік пайда болған жағдайда жақын маңдағы патрульдік полиция қызметкерлеріне ақпарат беріп, қылмысты болдырмауға күш салады.



Бейсенбай

Жанабаева та зейінгі полиция подполковнигі. Ол жылдар бойы ішкі істер саласында қызмет атқарып, зейнетке облыс бойынша өзіндік қауіпсіздік басқармасының аса маңызды істер жөніндегі аға жедел уәкілі қызметінде болған.

«Егер бала кішкентайынан құқық қорғау саласы туралы жетік біліп өссе онда ол полицейдің қандай қызмет атқаратынын ерте түсінеді. Отбасын жолдасының жұмыс ерекшелігін жақсы біледі, олар үшін бұл қалыпты жағдай. Бұл өзара түсіністікке ықпал етеді. Жақындардың жұмысында қолдап, түсіністікпен қарағанда бұл үлкен сәттілік пен бақыт. Жұмыс бабындағы абыройым отбасымның тілеуінде деп білемін», – дейді кейіпкер.

Зейнегүл Хабасқызы – бақытты жар, асыл ана, ардақты әже. Бос уақытында көбіне отбасы мүшелерімен өмен-жарқын әңгімелесіп, тәтті тағамдар дайындап, кітап оқығанды жаны сүйетінін айтады.

«Құқық қорғау органдарындағы қызмет туралы, жұмысындағы қиындық пен сынақ туралы балаларым жақсы біледі. Жас кезінен қыздарым Әлия, Жансая мен ұлым Нұрсұлтан әкелерінің қылмысқа қарсы күрес туралы әңгімелерін тыңдап, оны жұмыстан асыға күтетін. Есейген шақта білімін шыңдап, түрлі саланы зерттеді. Бірақ қай кезде де тәртіпті бірінші орынға қояды. Ұлкенім Әлия – ізімді жалғанан, ауыр да жауапты саланы тандаған полиция майоры. Езіміңіз бауырлас аға-інілерім де ішкі істер органдарында белді қызметте болған құрметті азаматтар», – дейді мәртебелі маман.

Берен ШАҒЫРОВ

ЕЛ ӘСКЕРІНІҢ ҚУАТЫ ҚАНДАҰ?



Жаңа ғасыр ақыл мен білімнің заманы. Досек те ол басына күн туса қолға қару ұстап, майдан даласында жауынгер болу өсінте. Оның көрінісін көрші елдердің бейберекетсіздігінен аңғарып отырмыз. Ел өгемендігін алғалы Қазақстан жыл сайын қорғаныс қабілетін, әскери қуатын мүмкіндігінше жақсартуға тырысып келеді. Бірақ қаруға келгенде бай қуатты дей алмаймыз. Премьер-Министр Әліхан Смайылов Үкімет отырысында барлау құрылымдары мен қарулы күштерді дайындау бойынша жаңа реформалар жасауды тапсырды. Әсіресе әскери қызметшілердің табысын арттыру, әскерді қару-жарақпен, техникамен, көлік авиациясымен жарақатандыру мәселесіне ерекше назар аударады. Бүгінгі қаңтар оқиғасының өзі Қазақстанның қорғаныс қабілетін нығайту керек екенін көрсетті. Жалпы Қазақстанның Қарулы күштері туралы сіз бен біз не білеміз?

Әлем проблемаларын зерттейтін SIPRI Стокгольм институтының зерттеуі былай дейді. Соңғы 25 жылда Кеңес одағы тарағалы бері Қазақстанның қару-жарақ арсеналы ресейлік өніммен толықтырылады. Ресейден авиациялық техника, оның ішінде МиГ-29 жеңіл атқыштарын, Су-25


үшін Т-72 танкісінің заманауиландырылған үлгісін көрсетті. Бұл машина Сиргиды және өзге де Тану Шығыс елдеріндегі соғыс тәжірибесі негізінде қаладағы соғыс үшін құрастырылған. «Игла» зенитті-зымыранды кешендері, БТР-80, БТР-80А бронетранспортерлері, жау әскер машиналары да келді.

Біздің әскеріміздің арсеналында ауыр от шашатын ТОС-1 техникалары мен «Тигр» бронемашиналары және ресейлік кемелер де бар. Ең атаулы техниканың бірі ретінде әуе шабуылынан қорғанатын С-300 жүйесін атауға болады. Бұл зенит-зымыран кешенінің 5-еуі Қазақстанға ақпанда тегін берілді, яғни Қазақстан Ресейден техниканы сатып алып қана қоймайды, ұжымдық қауіпсіздік туралы келісім ұйымының қатысушысы ретінде әскери-техникалық серіктестік аясында Сергей Шойгу ведомствосынан тегін алады. Еліміз серіктес ретінде Ресеймен ғана шектеліп қойған жоқ. Өзге елдердің ұсынысы да назардан тыс қалмады.

Мысалы, қару-жарақ нарығындағы басты серіктестері қатарына Қытай Халық Республикасы, Чехия Республикасы, Израиль мемлекеті, Италия, Аустрия және Германия елдері кіреді.

Өзімізде өндірілетін әскери құрал-жабдық жоқ емес. Қорғаныс министрлігінің мамандардың сөзіне, соңғы жылдары Қазақстан қорғаныс өнеркәсібіне көңіл бөліп келеді. «Қазақстан Инжиниринг» ұлттық компаниясы жылғына 120 бірлік техника шығаратын әлеуетке ие. Қазақ жауынгерлерін қару-жарақпен қамтамасыз ету 99 арнайы мамандандырылған компаниялардың қамтитын 10 логистикалық база мен 9 барлау полисіне жүктелген. Сонымен қатар үкімет тарапынан жыл сайын үлкен көлемде қаржы бөлінгі отырады. Бір миллиард 3 млрд теңгеге портативті спетрометрлердің жынтығы, КПО-1М үлгілеу жинақтағыштары, биологиялық заттарды таба алатын жаңа заманауи құралдар сатып алынған.

Сондықтан Қазақстанда қазіргі таңда артиллериядан бастап жылжымалы зенитеректер, дүркін артиллерия, тактикалық зымыран кешендеріне дейін бар.



Ерасыл ШӨРІБЕК

Қазақстанда жұмыс істейді. Қорыта айтсақ елімізде қорғаныс саласы қанатын жаылып келеді. Үкімет басшысының жаңа реформалары жүзеге асса, ел әскерінің қуаты күшейетіні сөзсіз. Бейбітшілік заманда да бұл тақырып ұмытылмауы тиіс.

Telegram: Жастар арнасы ашылды



t.me/G2Jastar арнасында жастарды дамытудың өзекті мәселелері мен шешу жолдары, іс-шара, жоба, гранттар және өзге де жастарға қатысты маңызды ақпараттар жарияланады.

Еске сала кетсек, 2013 жылдан бастап «Жастар» ФЗО жыл сайын «Қазақстан жастары» ұлттық баяндамасын өзілері келеді. Баяндама қазақстандық жастардың тыныс-тіршілігінің негізгі салаларындағы жағдайына жан-жақты талдау жасайды. Ғылыми жұмыстың басты мақсаты — мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыру жастардың өзекті сұраныстары мен мүддесіне әдістемелік қолдау.

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы тәуелсіз сарапшылар және серіктестермен бірлесіп, халықтың, оның ішінде жастардың хабардарлығын арттыру мақсатында «Gov-2Jastar» Telegram арнасын іске қосты.

Мемлекеттік қызметке орналасу жеңілдейді



туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыс бойынша департаментінің басшысы Ғалым Тұрсынбаев мәлімдеді.

«Биыл жергілікті атқарушы органдар бойынша 600 қызметкердің білімін жетілдіру жоспарланды. Бүгінге дейін қайта даярлаудан — 19, біліктілігін арттыру курстарынан 88 мемлекеттік қызметші өтті. Сонымен қатар Әдеп жөніндегі кеңестің 3 отырысы өткізіліп, онда жалпы 20 мәселе қаралған. Нәтижесінде 13 тәртіптік іс бойынша түрлі шара қолданылды», — деді Ғалым Тұрсынбаев.

Сонымен бірге жуырда мемлекеттік қызметке жас мамандарды бейімдеуге бағытталған «Сыр болашағы» жас мемлекеттік қызметшілер клубы қайта жанданатын болады. Әрі алдағы уақытта мемлекеттік қызметке тестілеу онлайн түрде жүргізілмек. Жыл басынан бері мемлекеттік әкімшілік қызметке кіру үшін 447 адам тестілеуге қатысып, оның 29,7 пайызы шекті мәнінен өткен.

Даму жолына түсу үшін әр саладағы кадрлық резервтің болуы маңызды. Ресми деректерге сүйенсек, биыл мемлекеттік қызметшілердің саны 3343-ті құраған. Есепті кезеңде 18 қызметші мемлекеттік қызметтен кетсе, жыл басынан бері жергілікті атқарушы органдардан 6 адам өз өтінішіне сәйкес жұмыстан босатылған. Бұл

Экологиялық жобалар жалғасады



«Еуразия» Қоры өкілдігінің қайтарымыз көмегін алып жұмыс істеген «Қызылорда облысының Үкіметтік емес ұйымдарының Альянсы Ассоциациясы» экологиялық жоба аясында атқарылған жұмыстарды тарқатты. Ассоциация аталған бағдарлама аясында АҚШ Халықаралық Даму Агенттігінің (USAID) қаржыландыруымен «15» экологиялық ҰЕҰ клубы» жобасын ұйымдастырды. Клубқа экологиялық бағытта жұмыс тәжірибесі, өзіріленген бастамалары мен жобалық ұсыныстары бар үкіметтік емес ұйымдар кірді. «Мақсаты — Қызылорда облысындағы экологиялық бағыттағы үкіметтік емес ұйымдардың әлеуетін арттыру арқылы әлеуметтік диалог ұйымдастыру. ҰЕҰ-ның мемлекеттік органдармен аймақтың экологиялық проблемаларын талқылау мен шешімдер қабылдауда тиімді өзара әрекеттестігіне қол жеткізу, өңірдегі экологиялық проблемалармен айналысудың негізгі мақандар, ұйымдар мен мекемелер туралы мәліметтер базасын құру», — деді «Қызылорда облысының Үкіметтік емес ұйымдарының Альянсы Ассоциациясы» заңды тұлғалар бірлестігінің төрайымы Анар Ізден.

Сонымен бірге 1000 мемлекеттік қызметшінің арасында Қазақстанда қолданылатын экологиялық стандарттарды реттейтін нормативтік құқықтық актілер, экологиялық бағдарламалар бойынша біліктілігі мен қызығаттілігін анықтау мақсатында сауалнама жүргізілді. Алдағы уақытта Қармақшы, Сырдария, Жалағаш аудандарында экологиялық жобаларды жүзеге асыру қолға алынбақ.

Дина БӨКЕБАЙ

АДАШТЫҢ АСАНӘЛІСІНЕ ҚҰРМЕТ

Асанәлі Әшімов дегенде, қазақ театрының еңсе көтеріп, ұлт рухы түлеген жылдар еске түседі. Тума талант жайлы әңгіме болса, Бекежан образы көз алдымызға келеді, себебі қазақ киносының алғашқы шедеві «Қыз Жібек» бірегей образдарымен аңызға айналған еді. Ол сахнада Көбек, Қодар, Керім, Юлий Цезарь, Клаузен қатарлы ондаған кейіпкер болып өмір сүрді. Абыз тұлғаның өнер мен мәдениетке қосқан өлшеусіз үлесі, көрерменге жақын образдары мен даңққа толы өмір өткелі кімді де болса төбелітпей қоймайды. Жақында театр өнерінің жарық жұлдызына Сыр елі ерекше құрмет көрсетті.

Н.Бекежанов атындағы музыкалық драма театрында Қазақстан және КСРО Халық әртісі, Қазақстанның Еңбек Ері Асанәлі Әшімовтің 85 жасқа толуына орай «Тағдыр тақтасы» спектаклі сахналанды. Мерекелік шараға аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев, халық әртісінің жұбайы Бағдат Әшімова, өнер саласының ардагерлері, зиялы қауым өкілдері мен өнерсүйер азаматтар қатысты. Театр төрінде өткен шарада облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аңыз адам, біртуар қайраткер Асанәлі Әшімовке Сыр жұртшылығы атынан құттықтауын жеткізіп, мерейтой иесінің иығына шапан жайты және Қызылорда облысының Құрмет грамотасын табыстады.

Құрметті Асанәлі Әшімұлы! Әлемге танылған дарабоз өнер иесін Сыр елі өз перзентіңдей қадірлейді. Бүгін өңірімізге өзіндік ат басын бұруыңыз барша сырбайлықтарға үлкен қуаныш алып келгені сөзсіз. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Сізді аса көрнекті актер ретінде КСРО ғана емес, бүкіл әлемдік кинематография қауымдастығы мойындады», — деген болатын. Сіз тума талантыңызбен, кәсіби шеберлігімен сомдаған рольдеріңбен екі дүір ұрпағының сүйікті

актері ғана емес, ұлағатты ұстазы да болдыңыз. Барша Сыр жұртшылығы атынан сізді мерейлі жасыңызбен атын жүректең құттықтаймын! Сізге зор денсаулық, отбасыңызға бақ-береке, амандық тілеймін!», — деді облыс әкімі.

Әрі қарай киелі сахнада Асанәлі Әшімовтің өмір жолын бейнелейтін шәкірттерінен құралған «Жана ғасыр» театры сомдап, көрермен қошеметіне ие болды. Ол тарау-тарау жолдан тағылым түйген өнер иесінің өмірі жайлы ой толғады. Бір сөзбен айтқанда, бұл өмірден өз орнын іздеген жандарға бағыт-бағдар боларлық дүние болды. Салтанатты кеште Асанәлі Әшімов ақын Жүрсін Ерманның сөзіне жазылған Алтынбек Қоразбаевтың «Жан балам» әнін орындап,

Сыр еліне алғысын жеткізді.

«Мың өліп, мың тірілер актер еңбегін сөз қылғанда, есіңе еріксіз түсер танымал есім, таңғаларлық есім — Асанәлі. Қай құрлыққа, қай ұлтқа көрсетсеңіз де, қысылмай-қымтырылмай арқа сүйер өнерпаз ұлың Асанәлі болса, арқалай-ақ асқақтай берейсің, халқым, қазығым!» деп жазған екен танымал жазушы Оралхан Бөкей. Табиғи талантымен танылып, көзі қарақты көрерменді талай мәрте тамсандырған тұлғаның шығармашылық қадамына сүйсіне қарайтынымыз шындай. Бұлай болуы заңдылық та.

М.СНАДИН



Т.Рыскулов атындағы №222 орта мектепте ардагер ұстаз Жұмаш Балғожәева атындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің қалалық олимпиадасы қорытындыланды.

Олимпиаданың ашылу салтанатына облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары Әзізбек Ізімбетов, облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Күләй Ермағамбетова, Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап кітапхананың директоры, тарих ғылымдарының кандидаты Нұрлыбек Мыңжас, білім саласы қызметкерлерінің қалалық кәсіподағының төрайымы Орынша Әлімбетова мен облыстық оқу орталығының басшысы Сырым Асқаров қатысып, мұғалімдерге сәттілік тіледі.

Ұстаздық қызметке деген халық арасындағы құрметті арттырып, педагогтардың шығармашылық мүмкіндігін қолдау мақсатында өткізілген олимпиадаға қала мектептерінен 40-қа жуық мұғалім қатысып, бақ сынады. І кезеңде ұстаздар белгіленген тақырып аясында эссе жазса, II кезеңде қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша мектеп бағдарламасына негізделіп дайындалған тест сұрақтарына жауап берді.

Қорытындысында I орынды №101 мектеп-лицейінің мұғалімі Жадыра Жуынтаева иеленіп, оған 100 мың теңге сыйақы табысталса, II орынды №3 ІТ мектеп-лицейінің мұғалімі Ғұлайна Аймағамбетова иемденіп, 70 000 теңге көлемінде сыйақы алды. Ал №1 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Зәуре Алтаева жүлделі III орынға ие болып, 50 мың теңге сыйақымен марапатталды.

Олимпиадада Қорыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры Ұлжан Жанбердиева, филология ғылымдарының кандидаты Аман Абасқипов, «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру

институтының тренеры Мария Орманова мен «Orda» колледжінің оқытушысы Гүлнәз

Бекмағамбетова қазылық етті. Жұмаш Сәметқызы — еңбек жолында өнегелі із тастап, білім беру мен тәрбие үрдісін ұйымдастыруда ұзақ жылғы ізденіс пен ерен еңбегін білім саласына арнай білген ұстаз. №222 орта мектепте 2018 жылдан бастап Жұмаш Балғожәева атындағы қазақ тілі мен әдебиет кабинеті жұмыс істеп келеді. Бұл ретте «Дана Абай «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетіпін тап та бар қалам» деген асыл сөз қалдырды. Біз, жастар қазір осы бабалар аманатын ақтауда аянты қалмайтынмызды көрсетудеміз. Білімімізді арттырып, жан-жақтылықты серік етіп, алдыңғы шептен көріну — біз көздеген мақсат. Ал оған қол жеткізуде ең бірінші ұстаздар қауымының еңбегі зор» дейді Сырдың білімді жастары.

МҰҒАЛІМДЕР САЙЫСЫ



САЙТ ЖАСАУ - ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС

«Ақпарат кімнің қолында болса, сол әлемді басқарады» деген өгілігі сөздің салмағы күннен күнге сөзіліп келеді. Дегенмен ақпараттың саласымен бірге оны жылдам жеткізу, қабылдауға ыңғайлы, «тілге жеңіл, жүрекке жүйелі тиетін» форматта ұсыну маңызды. Қажетті ақпаратты бір минуттың ішінде қамтамасыз етіп, қолжетімді ететін бірден бір жол – сайт пен қосымшалар. Уақыт көші қанша алға жылжып, әр салада технологиялық өзгерістер орнағанмен сайт құрастыру саласы ілгерілемесе, маңыздымен айырылған емес. Осы орайда қызыл-ордалық сайт маманы Алмагүл Айтмағамбетовамен қызықты сұхбатын қыр-сыры жөнінде сұқбаттасқан едік.

– Алмагүл Аманжолқызы, бұл саланы неге таңдадыңыз?

– Мамандығым – IT саласы. Негізгі қазақ-түрік лицейін бітірген соң осы салаға бет бұрып, Алматыдағы Халықаралық Ақпараттық Технологиялар университетіне оқуға түстім. Университетте кәсіби білімдіміз жетілдіріп, күрделі саланың сай қырын көрдім десем болады. Өйткені 2012-2016 жылдары дәл осы оқу орнында жүріп көптеген жетістікке жеттім. 2016 жылы көптеген республикалық, халықаралық жобаға қатысып, жүздеген орындарға ие болдым. Олимпиадаларда топ жарып жүрдім. Өзім қатты қызыққандықтан маған бұл салада іздену, білім алу күш бере түсті. Оқуға түскенде бейімделу керек болды, өйткені дайындықпен келмедім. Ал оқып жүргенде осы саланы таңдағанымға қатты қуандым, дұрыс таңдау екенін ұстана түстім. Себебі мен сүйікті ісімді таптым.

– Соңғы жылдары сайт маманы көбейгенмен сұраныс азайған жоқ, Қызылорда облысы бойынша бұл сала қаншалықты дамыған?

– Шыны керек, Қызылорда бойынша ақпараттық технология саласы төмен көрсеткіште. Басқа қалалармен салыстырсақ, бізде бұл бағытта арнайы жобалар, конкурстар өткізілмейді. Оқып жүргенімде Қызылорда қаласына арнал дисконттың сервис түрінде сайт жасағым келгені есімде. Жасап, енгізіп көрдім. Бірақ сұраныс болған жоқ. Себебі біздің халық оған дайын емес еді. Сайттың қолданысы аз, сондықтан сұраныс та жоқ.

Дегенмен мойындау керек, жылдан жылға жұмыс бірдеңені келеді. Сервистік мекемелер, тамақтанатын орындар арнайы сайт ашып, ақсап тұрған тұсты қолға алуда. Осылай халық сайтты қолдануға бейімделеді. Бірақ сайтты қолдану, онымен жұмыс жүргізу толық дамымаған. Теңіз де тамшыдан құралады ғой. Уақыт өте бұл саланы дамытып, басқаша көзқараспен қарайтын, сайтты жаңдандыратын кезге жақындап келеміз.

– Сайт жасаудың қиындығы неде?

– Сайт жасап, бағдарлама құрудың мамандар түсінетін бірнеше тілі бар, яғни әр адам өзі қалаған, өзіне ұнайтын тілді пайдалану арқылы оны құрастырып шығады. Әр программисттің өзіне байлаңысты. Негізгі сайт жасаушылардың қиындығы жоқ. Қазіргі кезде қажетті дайын платформалар да бар. Бір күннің ішінде жасап шығуға болады. Негенде бастап, арнайы білімсіз де кез келген адамға сайт жасап шығаруға мүмкіндік бар. Бірақ көп уақыт шығындалады.

Бәрі сайттың бағасына, күрделілігіне байланысты. Дегенмен маман ретінде ешқандай қиындығы жоқ дей аламын. Ал сайт жасаудың рахаты – адамдардың өмірін жеңілдетуге, уақытын үнемдеуге септілімді тигізе алатынымызда. Біздің қаладағы бірнеше ресторан сайт арқылы жұмыс жасайды. Ол тұтынушыға да, қызмет ұсынушыға да өте ыңғайлы.

– Қосымша күрс өткізіп, шәкірт тәрбиелеу жоспарла бар ма?

– Иә, мұндай жоспар бар. Қазір Назарбаев зияткерлік мектебінде жұмыс істеп жүрмін. Оқушыларымға сайт жасауды, программа тілін үйретудемін. Ал қосымша шәкірт тәрбиелеу, арнайы курстар жасау ойда болғанымен, өзге уақыт тапшы.

Мүмкіндік болса әрине, бұл идеяны іске асырамын. Өйткені қызылордалық жастардың ақпараттық технология саласындағы сауатын арттырып, білімін жетілдіруге аз да болса ықпал етім келеді.

– Телефонға арналған қосымша жасаумен де айналысады екенсі...

– Иә, оны да университет қабырғасында жүргенде үйреніп, android мен ios



– Сайт жасау шығар-машылық жұмыс десек те артық емес...

платформасына бірнеше қосымша жасадым. Ойын бағдарламаларын құрастырып, плеймаркетке енгізген едім. «Қайсар» футбол клубына да арнайы қосымша құрастырғанбыз. Телефонға арналған қосымшалардың жыл сайын техникалық тексерістен өткізіліп, жаңартып отыру керек. Негізгі мұндай қосымшалар сайтқа қарағанда өте ыңғайлы. Халыққа сайтты ашып, сілтемеге өткенге қарағанда қосымшаны жүктеп алып, сол арқылы ақпарат алу тиімді деп ойлаймын.

– Бір ерекшелігі, сайт құрастырумен онлайн айналысуға да болады. Тапсырыс келген бір сайтты жасап шығаруға қанша уақыт қажет?

– Өзім университет бітіргеннен кейін біраз уақыт фрилансер болп жұмыс істедім. Себебі интернеттегі платформалардан онлайн түрде тапсырыс қабылдап, сайт жасау арқылы ақша табуға мүмкіндік бар. Бұл жасөспірімдер мен деректерді қыз-келіншектер үшін тиімді дүние. Өзім де деректерге отырғанда сайт, телефонға арналған қосымшалар жасау арқылы ақша таптым. Интернет арқылы, тіпті, Америка сияқты ірі мемлекеттерден де сайт жасауға тапсырыс алып, жұмыс істеуге болады. Ол жақтың төлемқысы да жоғары.

Ал бір сайт жасап шығаруға кететін уақыт қолданатын тәсіліге байланысты. Жоғарыда айтқанымыздай, дайын платформалар арқылы құрастырсақ, бір күнде жасап шығаруға болады. Интернет дүкендерге арналғандай бірнеше беттік, көпфункционаллы,

күрделі сайтты жасап шығару 2-3 күн немесе бір айға дейін созылуы мүмкін.

– Сайт жасау шығар-машылық жұмыс десек те артық емес...

– Дұрыс айтасыз, бір сайтты жасау үшін құрылымдық жағынан бөлек оның дизайны, жазбаның тартымды ширкілі, суреттер мен ұсынылатын қызметтің ақпараты дұрыс орналасуы керек. Мұның бәрі – шығармашылық жұмыс. Сондықтан сайт жасауда арнайы команда болғаны дұрыс. Үлкен қалаларда сайт жасаумен айналысатын арнайы компаниялар бар. Оларда дизайнер бөлек, менеджер бөлек, бірнеше маман құрам болып қызмет етеді. Мұндай жағдайда сайт өрі сапалы, өрі тез жасалып шығады.

Өз тәжірибемде біраз уақыт бұрын бір компанияда Қызылорда қаласына қатысты портал жобасына қатыстым. Әкімшіліктің тапсырысы бойынша өңірміздің геопорталын жасауға атсалыстым. Бұйырса, жаңыда қолданысқа енуі керек. Білуімше, Қызылорда қаласында да сайт жасаумен айналысатын бірнеше команда, кішігірім компаниялар бар.

– Сұқбатыңыз үшін, рақмет!

Сұқбаттасқан Дина БӨКЕБАЙ

DIGITAL SAUAT MAŇYZDY

ЖАЛҒАН ТҮБІРТЕК ЖАСАЙТЫН БОТ

Бұл әдіс жақында ғана шықты. Әсіресе, аударым арқылы тәлем қабылдайтын алаяқтық осы түрді білген жөн. Өйтпесе, сан соғып қалуы мүмкін. Қысқаша баяндайтын болсақ, Telegram месенджерінде QIWI, Kaspi, OLX, TikTok, Kufar, Sportbank, MonoBank және Яндексе. Денгиз сияқты сервистердің түбіртегі жасап беретін бот бар. Соның көмегімен алаяқтар Kaspi қолданбалысы арқылы әлдеқиме аударым жасаған сынай танытып, демде чек жасатып алады. Ол үшін ботқа аударым жасаған уақытты, соманы және кімнің атына жібергенін жазып жібереді. Кейін санаулы сәтін ішінде бот Kaspi чегін азірлеп береді. Telegram-боттың атауын жасырын қалдырғанды жөн көріп отырымыз. Дегенмен тақси жүргізушісі, онлайндүкен иелері – жалпы аударым қабылдайтын бот осы әдіс барын біліп, чек көрсеткендер мен жібергендерді жіті бақылағаны дұрыс.

ТАНЫСТАРДЫҢ АТЫН ЖАМЫЛЫП КӨМЕК СҰРАЙТЫНДАР

Былыт осы тәсілді қолданатын, қалтасын «қамтитын» алғандар аз болмады. Алаяқтар парақшаның ашып деректерді пайдаланып, таныстарыңыздан ақша суыруы өбден мүмкін. Жалпы алғанда сценарий мынадай: ең алдымен алаяқ болашақ «құрбандығын» зерттейді. Әлеуметтік желіде кіммен көбірек тілдеседі, пікір мен лайк арасынан «жарқ» еткен бірнешеуін нысанаға алады. Фейк нөмірден жазуды анықтаған соң, оның жеке мәліметтерін іздейді. Айталық, Telegram-да аты-жөнін теріп көріп, табу мүмкіндігі жоғары. Одан бөлек, көпшілігінің өмірін желіге «байлап» қояды. Соның

ішінде Instagram-ның бизнес-аккаунттарында бірден хабарласуға мүмкіндік беретін батырма бар. Сөйтіп нөмірін таңдағаннан кейін жал-жаңа SIM-карта сатып алып, желіге тіркейді. Жаңа қолданушы таңдаған құрбандығының суретін аватарға қояды. Әсіресе желі біткенге бір сурет қоятындырады тіпті жазбай таңуға жақсы әдіс. Осылайша жаңа нөмірдің суретін ауыстырып, аты-жөнін енгізіп, «жемтігіне» жазады. Бірақ бір байқағанымыз – алаяқтар айтарлықтай мықты жұмыс істей алмайды екен. Олай дейтін себебіміз, олар құрбандығының жазу стилін, психологиясын меңгеруге аса бас қатырмайтын сыңайлы. Өйткені осындай интернет-алаықтарға тап болғандар салған скриншоттардағы мәтінге көз салсақ, ішіндегі катеден көз сүрінеді. Бірақ мұндай қақпаңға түсіп қалған азаматтар аз емес.

БАНКТІҢ АТЫНАН ХАБАРЛАСАТЫНДАР

«Сәлеметсіз бе? Сізді «Тәленбай банк» менеджері мазалап тұр. Қазір ғана сіз 1 миллион теңге көлемінде кредит алуға өтінім жібердіңіз. Операцияны растайсыз ба?» деген сияқты сөзбен бастайтындықтардың дені – алаяқтар. Бір айта кетерлігі, қазқаша сөйлейтіндері кемде-кем. Көбіне орысша сөйлейді. Дегенмен алдағы уақытта қазақша хабарласа қалса, есте ұстап жүрген артық болмайды. Бұл тәсіл қалай іске асырылады? Алаяқтар банк қолданушыларының нөміріне хабарласып, күмәнді операция жасағалы жатқанын ескерткендей кейіп танытады. Кейде үлкен сомаларды аударымды айтуы мүмкін. Егер ешқандай несие алмай, ақша аудармаған болсаңыз, сізбен байланысып тұрған алаяқтың өзі екенін білгесіз. Көпшілігі банк қызметкерінің дегенге сеніп қалады да, артында оның айтқанын бұлжытпай орындайды.

БАСҚА ҚАЛАДАН ТАУАР АЛУШЫЛАР

Алдыңғы тәсілді көпшілік естіп, арбауға түспеген кезде алаяқтар жаңа сына кезде жасауы мүмкін жеткізу қызметі мен фишинг сайттар. Киберқылмыспен күрес департаментіндегілер алаяқтар көбіне өзге елдерде болады дейді. Сондықтан тауып алу, жазалау қиын. Есіңізге болсын, банк картасының артындағы CVV-код, карта мерзімі, аты-жөніңізді ешкімге айтпаңыз. Ақша жіберетін адамға картаның нөмірі ортаға бермеңіз. Себебі гаджетіңізге кірген кез келген ақпарат жеке деректерді өзге біреудің қолына жеткізе алады.


КОМПЬЮТЕРЛІК КРИМИНАЛИСТИКА

Компьютерлік криминалистика қылмыс болғаннан кейін компьютерде немесе кез-келген басқа сандық ақпарат құралдарында сандық дәлелдерді іздеуге бағытталады. Цифрлы медиамен әдістемелік зерттеу жүргізеді. Ол үш кезеңді қамтиды: у, тапдау және есеп беру. Нәтижесі қылмыстық іс жүргізуде дәлел ретінде пайдаланылуы мүмкін. Сотта ұсынылған кез-келген дәлелдемелер сенімді және қолжетімді болуы қажет. Мұндай дәлелдемелер 1980 жылдардың ортасынан бастап қолданыла бастады.

Компьютерлік криминалистикада кросс-дискіні тапдау (бірнеше сақтау құрылғыларындағы ақпаратты салыстыру), тірі тапдау (жәпел жадтағы мәліметтер сияқты тірі деректерді қалпына келтіру) және жойылған

келтіру сияқты әдістер кеңінен қолданылады. Компьютерлік тереуді жеңілдету үшін қолданылатын бастапқы және коммерциялық бағдарламалық құралдарда бар.

Жақында ИМ Криминалдық полиция департаменті киберқылмыс саны жиілеп кеткенін айтты. Өткен жылы мұндай 14 мың қылмыс жасалса, биыл қаңтар айында 1 700-ден асып түскен. Бұл орайда құқық қорғау саласының мамандары әр азамат киберқылмыс пен IT қауіпсіздіктің ең қуағанда қарапайым ережесін білсе, алаяқтардың арбауына түспес еді дегенді айтты. Ал интернет



Қолы-мыздағы гаджет біз туралы кей туысымыздан артық біледі. Өйткені телефонмен не компьютермен «кіндігіміз байланып» қалды деуге болады. Өрине, гаджеттер шаруамызды жеңілдетті десек те, кейде кесірін тигізеді. Оған өзіміздің диджитал сауатымыздың болмауы себеп. Егер алаяқтардың арбауына түсіп қалғыңыз келмесе, мына көмestі мұқият шолып шыққаныңыз жөн. Киберқылмыстың қандай түрлері бар? Қазақстанда кейінгі кездері қай тәсіл жиі қолданылып жүр?

МАЙДАН ХАТТАРЫ

МӘЛІК ҒАБДУЛЛИННИҢ ХАТЫ



Ардақты МҰХА!

Дүние шіркін көз жіберсеңіз – өмірде бар нәрселердің бәрі де қостасудан, жұптап құралғанын көресіз. Серкісіз дара жоқ сияқты: ай мен күн, жер мен көк, байлық пен кедейлік, махаббат пен зәулімдік, қуаныш пен қорқыныш, тағп басқалары. Осылардың бірінің бірі өмір сүре алмайды. Бір бастамасы болса, екіншісі оның дәйектемесі секілді болады да тұрады. Бұлар өз алдына бір сәрі ғой. Мұнымен айтайын дегендерім мыналар еді, елге бару ертеден келе жатқан арман, біртүрлі қуаныш, қызық көріген болатын. Елге де, барлық жұртқа, жолдастарға көп рахмет! Барлыққа сүйді, құрмет көрсетті. Бұл қуанышым. Осы сапарыма ренжіген жерім де болды. Ол – мынау өте официалдынағаша душар болдым да көп жолдастармен сырласып сөйлесе алмадым. Сізбен сөйлесетін әңгіме бар еді, ол айтусыз қалды. Жағдайды ұғарсыз деп өтінемін. Бұдан былай хат арқылы сөйлесіп тұралық...

Майдангердің Мұхтар Әуезоке жазған хатынан үзінді

Өткен айдың 26 күні Ленинград майданындағы Ворожичи деген станциядан түстік те, Новгородқа қарай бет алдық. Қазір Новгородқа қарай жөнелдік. Қазір Новгородтың батыс жағындамыз. Майдандамыз. Соғыс қызу түрде болып жатыр. Жау қашып барады, біз қуып барамыз. Мың бұралып, тоқсан толқып тартылған музыканың әсем әнін тыңдап отырып ішкен тамақ бойға сіңімді келеті емес пе? Біз де сондай музыканың үнін естумен тамашаңдамыз. Ол музыка – бомбаның, снарядтың гүрлігі. Алғашқы кезде бұл музыканы есту қорқынышты еді, қазір үйреніп алдық. Майдан эпизодтарын күнделік етіп жазып жүрмін. Егер жоғалтып алмасам, сізге беремін. Мүмкін бір көдеге асар.

“Мына антурған мықты неме екен” деген сөз сізден таралып еді. “Мықты” деген сөзге ерекше екіпін бөре айтуды едіңіз. Міне сол мықтының мың бірдеуі болып отырмыз. Мықтылығымыз сол – тардиялық дивизия деген атақ алдық, талай сұралып соғыс жойғын жорықтарда жауың жаңа алтын алып, мытып-мытып жіберген кезіміз де болды. Сол үшін де дивизиямыз үкіметтен Қызыл Ту орденін алды және 8-гвардия дивизиясы аталды. Осының өз-ақ майдандағы мықтылығымызға берілген анықтама емес пе? “Мықты” деген сөзден басталды ғой хатым. Сол мықты осы қазақ-ау деймін... Бір қатты соғыста шабуылға шықтық. Сонда Батырбеков Құрман деген қазақ найзасымен 73 немісті шапшып өлтіргенін өз көзіммен көрдім. Мұндай мысандар өте көп.

Майдангердің Сәбит Мұқановқа жазған хатынан үзінді

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫНЫҢ ХАТЫ



Мәлік!

Біз тарих алдында, халық алдында жауаптымыз деген сөзім саған да, маған да, біз сияқты басқа қазақ жігіттеріне де қалам ұстатқан жоқ па?

Найзадан қол босаса, қалам алдым. Толғанып оқиғаны көп ойландым. Тырысып әл келгенше көргенімді Жалтақтамай, именбей ашық жаздым. Отырсам көп ойланай күнім жақын. Әр адам біле бермес сөздің парқын. Ұрпаққа арнап істелген адал еңбек, ұсындым ақ ниетпен саған, халқым. Жазушы болмаған соң менің затым, Керкем де жұмыр емес жазған хатым. Салмақтайтын саналы ер табылса, Атаусыз неге қалсын менің атым,

демеп те едік. Әрине, бізде кемістіктер мол болуы мүмкін. Себебі – жазу біздің көсіміз емес. «Ақын бол тұған адам сыран айтар қаламына» дегендейін кейбір жазушымыз қаламға халық үшін айтқылған сур болды. «Жаман шыын айттайын деп сыран айтар» дегендейін – сол жамандардың біреуі боламыз. Бірақ та онымыз халыққа арналғандықтан онық жемейміз. Әйтсе де, «Арсыздың қолына бергенше, сыпайынның жолына тастағын, жаманға берсең олжа көреді, жақсы қадірліңді біледі» дегендей, қай уақытта болса да ескеруіміз керек екен ғой деймін.

Екінші жерге сөз төкпейін – тайғақ болар. Жаманға сырынды айтпағын – айғақ болар. Жаман туысқандар туралы ескеру керек, неге десең, мазмұнына түсінбестен олар бас қамын ойлап жалтақтап, сенің қалған жасаңшақ қоянжүректер екендігіне тәжірибемен көзіміз жеткен жоқ па?

Аспаннан түйген қуылыса,

Үйрек шөкпей тұрар ма?

Көкпен бүркіп тұнресе,

Түткіл састып тұрар ма?

Азынаса арыстан,

Қоян қорықпай тұрар ма?

– демеп те едім саған бір жолы. Ниет ақ болса, жолдағылардың қара шұбарлығы күрделі ойдай өзгертуге керек. Біздің өміріміз дүниеден көшкен соң ғасыр үшін, тарих үшін құжат боп қалады.

Батырдың Мәлік Ғабдуллинге жазған хатынан үзінді



Әйелі «енді, сериалымды көре алмайтын болдым» деп теледидарын жоқтаса, Қалибек үшін жаңа көстүм-шалбар мына айналды. Барлыққа есі-үш рет қана киіп үлгеріп еді. Тал түсте жоғалды да кетті. Ерлі-зайыштар жұмыста болғанда пәтеріне ұры түсіп, қолдарына іпкендерін алып, тайып тұрған. Алғашында қазан-оққа араласқан жүрген көршілерінен көріп, босабабты үйді басына көтерген. Күйеуі полиция шақырған соң бұл жерде арнайы қылмыстық топтың ізі бар екеніне көз жеткен-ді. Полициягердің айтуына қазір қалада пәтер тонау жүйіп кеткен. Түнді қойып, қараңғылар түс уақытта жортуылға шығады екен. Досаевтардан арыз алған іс кесушіге Биқамал жоғалған заттарына жоғалмағанын да қосып, ұзын-сонар тізім берген. – Айналайын, інім, қолы сынырғ обғандарды ұстап, осы жазып берген дүниелерімді тауып бер, – деп өзіне зор сенім артатынын қайта-қайта айтқан болатын.

Ең бастысы – теледидар. Мені мына дүниеде жыңды қып жібермей, аман сақтап отырған жалғыз ермегім сол еді, – деп жас полиция жігітке мұның да шағып алған еді. Қалибек көк көстүм-шалбар жайын шөкелеп айтпақ болып оқталды да «ей, мына қатын менің де тәртіп сакшысым мезі еткен шығар» деп өз райынан тез қайтқан. Содан бері арада ай өтті. Қалалық ішкі істер басқармасынан еш хабар жоқ. Биқамал бастағында бір апта бойы өзіне бейтаныс ұрыларды қарап-сілеумен жүрді. Көріш-қоланға көп кешікпей ұры-қарылардың ұсталатынын, оларды түрмеде шірітетінін айтып, айбат шекті. Сосын аяныс сөзім іздеді ме, теледидарды бар туған туыстарына қонырау шалып, басына түскен қайғысымен белісті. Ай жамыстағы әріптестері Биқамал күнде айта берген соң оның жоғалған заттарының барлығын жаттап та алды. Қолы көп еткенде арыз алған әпті жас полицияға хабарласып қояды да күнделікті ісіне айналыды. Ақыры болған оқиғаға күйеуін жазықты етіп тынды.

– Жау алыстан келген жоқ. Полиция «қылмыстық топ бар» деп барлығын күрделендіріп, зор сөйлейді. Үйге түскен ұры алыстан ат арытып келді деймісін? Бізді білетін біреулер. Сенің нәулетке екенінді де білсе керек. Сосын қой естіп басыңағы, деп кешқұрың дастархан басында күйеуіне шап берген. – Білмеймін. Олде, шағымданып прокуратураға барам ба? Мына полициягердің қылмысты ашатын түрлері жоқ. Құдай біледі, солар

ұрыны іздеп жүрген жоқ. Еркек болып бір нәрсе істесеңші, – деді. Әйелінің мінезін жақсы білетін Қалибек жақ ашпай құтылған еді. Тек іштей «бүгінге сен таластырып абыр таласпын. Тіліңді қышып қайтанда өзі қояр» деп сабыр танытқан. Қалибек зайыбы сынды ішіндегісін сыртқа шығармаса да тілеуі Биқамалмен бір. Көбіне әзімнен-өзі қалтағанда көк көстүм-шалбарды қайта киетін күн тұа ма деп ойлай береді, ойлай береді.

Қалибек жас күнінен ғалстук тағып, көстүм-шалбар киіп үйренген. Өмір бойы мектепте сурет пәнінен сабақ берген әкесі жарықтық Үалибек те солай киінетін. Қалибек болып еңбек еткен анасы да сәнқой, кербез адам еді. Біздің кейіпкер кіп-қишқай ауылда туып өссе де, өзінің интеллигент отбасынан шыққандығын қашан да білдіріп көп жүретін. Студент кезінде курстас достары би кештері мен киноға баруға әуес болса, ол шыртырай киініп алып аптасына екі-үш рет театрға баратын. Институтын аяқтағанда сол кездегі үкіметтің жоғалмағанымен Қазақстанның батысынан Жетісу жерінен бір-ақ шыққан. Қарғалы қаласының фарфор ыдыс-аяқтарын шығаратын зауыттағы қызу жұмысқа кірісіп кеткен-ді. Осы жерде Қалибек Биқамалмен табысып, шаңырақ көтерді. Тым уаң туық кездері мөлдірлер, кісі баласына тура қарай алмайтын ұлшақ бойжеткенді бір көргеннен ұнатып еді. Қазір ойлап қараса, содан бері қаншама уақыт өтті. Еңбек жолын бастаған Қарғалы адам сенісіз өзгерді. Әйелі де басқа адамға айналған. Жасасан Досаевтар отбасына жар дегенде жалғыз қыз бала берді. Жасынан алғыр болып өскен Ардағы анасынан тәрі енесіне жақын жүрді. Аянап неше атам қазақ «кыз – жат жұрттық» деп бекер айтпаған екен. Ардақ бой түзген шақта оның ата-анасына тамыр-таныстары арасында «құда болайық» деп қолқа салғандар аз болған жоқ. Бірақ комсомол қыды әкесі ешкіммен айттырмады. Бойжеткен өз жүрек қалауымен осы қаладағы бір зауытта инженер болып жұмыс істейтін неміс жігітке тұрмысқа шықты. Токсаныншы жылдың басына сабыт үкімет құлап, әркім өз атамекеніне үзере көше бастағанда Қалибектің күйеу баласы мен қызы да Германияға қоныс аударуға бел байлады.

Табиғаттан сабырлы өк өзін әрең ұстап қалып еді. Қызына деген өкпе-назын барынша жасырып бақты. Қалибектің жұмыс телефоны шыр еле түсті. Трубканың арғы жағындағы зор дауыс онымен апыл-ғұпыл амандасып, жоғалған дүние-мүліктің табылғанын айтып, полиция бөлмесіне шауып жетуін талап етті. Қуанышы

қойына сыймаған Қалибек қалалық ішкі істер басқармасына лезде жетіп барды. Өткенде өздерінен арыз алып кеткен жас жігіт оны жылы қарсы алды. – Аға, келіңіз, жайғасыңыз, – деп орындық ұсынды. – Сіз Досаев Қалибек Үалибекұлысыз ғой?

– Иә, иә, – деді. – Міне, күліңізді берсеңіз. – Мінекейіз. Құжатты мұқият қарап шыққан полиция қасындағы сержантқа: – Берік, үстіңіз аздамаңды 217-қойнитен барлық заттарды алып кел, – деп бұйырды. Сүт пісірім уақыттан кейін қасында тағы бір полиция бар әпті сержант артынып-тартынып келді. Екі сержантқа «боссындар» дегендей ішкіне білдірген жас лейтенант шірене темекісін тұтатты.

– Міне, жоғалған заттарыңызды таптық. Танып тұрсыз ба? Мына қағазға қол қойып, алып кетіңізге болады. Қылмыскер ұсталды. То есть құдікті. Сот болғанда как потерпевший сізді шақырамыз. Ағасы, келіңіз менің жерге, көп қойыңыз, – деді полиция асықтырып. Үкілен үстінен көз алмаған күйі Қалибек: – Құдай-ау, бұл менің заттарым емес қой. Точно менің емес, – деп көзі бажырая лейтенантқа қарады.

– Қалай сіздікі емес? Вот список который вы мне дали. Цветной телевизор, көк көстүм-шалбар, бір палас пен кілем, үтік, магнитофон, перде, әйеліңіздің түблкі, қойыңа ғой, – дей жаздап Қалибек тілін тістеп үлгерді. – Сонда сіз өтірік айттыңыз ба? Бағанадан бері өзін барынша сыпайы ұстаған полиция шүйлігіе түсті.

– Жоға, о не дегеніңіз. Теледидар, көстүм-шалбар, кілем мен паласың ұрланғаны рас. – Енді көз алдыңызда теледидар, көстүм-шалбар, кілем мен палас және басқа да көкүр-шүкірдің түр емес пе? Бұл жолы құзыры мекеме өкілі жақтырмай сөйледі.

– Інім, көріп тұрмын. Тағы да қайталап айтайын, бұл менің заттарым емес. Бұны өзі қайдан алғандар? Жоғалған дүние жоғалып, қорып кетіңші. Сендер өзі жазықсыз адамды соттамақсындар ма? Бұл заттар менікі емес. Қайталап айтамын. Сондықтан да алмаймын. Соттарына шақырсандар да бармаймын, – деп өзінен айнымайтын түр көрсете, әр сөзін нықтап айтты.

– Сержант! – деп ақырды лейтенант. Бағанағылардың бірі лезде апын-жұпын кабинетке ішкі келіс бөлмеі Талғиды шақыршы тездетіп!

Осылайша шұғыл бұйрық берген офицер көзін алапата. Қалибекке бір қарады да тағы да темекі тұтатты. – Көп кешікпей кабинетке төртбақ денелі, екі құлағы бірдей сынған, ашаң жүзді жігіт кірді. – Не болды, Мұра? – деп сұраусыз үстелдегі темекінің қорабынан бір талын алып, ол да өзүіне қыстырып, төрдегі орындықтардың біріне еркін жайғасты. Қалибекті елеген де жоқ.

– Талғин, – деді көп кешікпей лейтенант әріптесіне тіп қатып: – Сендер еткен аптаның соңында серийның қаража қатысты үчетта тұрғандардың, сотталғандардың үйлеріне тексеру жүргізіп, мына теледидарды, киім-кешектерді тәркілеп едіктер ғой. Анау «иә» дегендей басын изеді.

– Алдында тұрған кісі пәтері тонаған потерпевшілардың бірі. Мына заттар менікі емес дерді. Жазықсыз жандарды соттамақсындар дей ме? Вообщем, әңгімесі көп болып кетті.

– Действительно бұл кісінікі емес шығар? – деп Қалибекке бұрылды.

– Қалибек қуана. – Иә, действительно менікі емес. Дұрыс



КӨК КӨСТҮМ-ШАЛБАР

Лейтенант шдай алмай кетті: «Талғин, көрдің бе? Кешпей коммунист қой мынау. Честный! Аға, түсіндірші, – деді де Қалибекке таяп келіп, – Кака разница? Бұл да теледидар. Көстүміңіз көк пе, қара ма, бәрібір емес пе? Бастысы, жоғынның оның толтырып тұрғын ғой! Қалибек «иә» ешнәрсе керек емес» дегендей тандайын қағып, басын шайқаумен болды. – Брат, – деді бір кезде пагонында үш ішкіетай жұлдызы бар полиция, – Пионер емессің ғой. Жазықсыз адамды ешкім де соттамайды. Біз бұл көкүр-шүкірлерді бұрын сотталғандардың жасырған жерлерінен алғанбыз. Мүмкін олар сізден ұрлағандарын уке сатып жіберді. Сізге қайта повелю. Бізден бос қайтатын деп отырған жоқсыз. Қол қойыңыз да мына көстүм-шалбарыңызды киіп, телевизорыңызды қолтықтап, үйіңізге қайтыңыз. И все! Базар оюнчен.

Қанат ТІЛЕУХАН

Динара Садуақасова,
шахматшы:

ШАХМАТ – ҚҰПИЯСЫ МОЛ ТҮНҒИЫҚ ӘЛЕМ

Ел спортында шахматтың елеулі сәті көп. Бір ғана мысал, тақта үстіндегі таңғажайып ойынның шырайын шығарып, дамуына үлес қосып жүрген Динара Садуақасова әлемнің үздік 8 гроссмейстер қатарына енді. Ол мұндай дәрежеге өткен жылы Сочи қаласында өткен әлем чемпионатында жетті. Бұдан бөлек Динара шахматтан төрт дүркін әлем чемпионы, жабық Азия ойындарының жеңімпазы, студенттер арасында Еуропа чемпионы, әйелдер арасында халықаралық дәрежедегі гроссмейстер. Әлемнің үздігі атанған Динараның биікке жетуінің сырын сұрадық.

— Динара, атақты Forbes журналының мәліметінше, үздік 8 гроссмейстер қатарына еніпсіз. Бұл Сочидегі жарыстың нәтижесін байланысты болса керек...

— Иә, өткен жылы шілде айында шахматтың үздіктері Ресейге бет бұрды. Сочи қаласында 12 шілде мен 6 тамыз аралығында кіл мектептерде әлем кубогының жүлделерін сарапта салды. Өте тартысты ойын болды. Көп тәжірибе жинақтадым. Американың Дженнифер Юен өткен жарыс жақсы әсер сыйлады. Бұл сайыста 2 партияда да жолым болып, жеңіске жеттім. Армяндық Элина Даниеланды да жеңіп, ширек финалға дейін барып, үздік 8 шахматшының қатарына кірдім.

— Әлемдік танымал шахматшылар латыштық Михаил Таль, Каспаров, Карпов секілді шын шеберлер «Бенони» тәсілін жиі қолданады. Сіздің ойың тәсіліңіз қандай болды?

— Бенони шахматтағы ең өткір қорғаныстың бірі және өте күрделі тактикалық ойынға апарып тірейді. Бенонидің шебері — өзіңіз айтқан Михаил Таль. Бұл әдісті кей ойындарда қолданамын. Рагзозин, алексин қорғаныстарын да тактикамнан жиі байқауға болады.

— Егер сізде таңдау болса, қай шахматшымен кездесуді еңдігіз?

— Егер көзі тірі болса, кеңес заманындағы ең озық шахматшылардың бірі Михаил Тальмен ойнаушы едім. Ол жөніліктің жадында ерекше ойындары мен қызықты әдістерімен есте қалды. Фишермен бір партиядан бас тартпас едім. Қазір есімді дүркірет тұрған әлем чемпионы норвегиялық Магнус Карлсенмен ойнасам, тартты ойын болатынына сенімдімін. Арманым — ерлер арасында элитаның құрамына ілігу. Ол үшін ең алдымен ерлер арасында гроссмейстер атану керектің.

Ақыры жүріп, анық басып, дитген арманыма ұмтылып жатырмын.

— Идеалыңыз Гари Каспаров екен. Атақты шахматшыдан не үйрендіңіз?

— Ендеше назарды ең әуелі неге аудару керек?

1. Алдымен баланың денсаулығына және икеміне қараған

— Бір қызығы, спортта кумирім жоқ. Дегенмен сіз дұрыс айттыңыз, Гари Каспаровтың ойынына таңданамын. Оның күші мен әмбебаптығы мені таңқалдырады.

— Жәнім Омаров мектебінде шахматтың қыр-сырын үйрендіңіз. Осы мектептің өзгелерден ерекшелігі неде?

— Өзге мектептің тәлімін көрмегенім артықшылығын, кемшілігін айта алмаймын. Бірақ елдегі шахмат мектептерінің барлығы жақсы.

Өйткені кез келген мектеп шахматтың дамуына үлес қосады. Омаров мектебіне қалай келді деген сұрақ туындауы мүмкін. Осыдан он тоғыз жыл бұрын ағам әпкемді, ағамды және мені аталған шахмат клубына апарды.

Біздің алғашқы бапкеріміз Қазақстанға еңбек сіңірген жаттықтырушы Ольга Черепанова болатын. Біз одан жақсы тәлім-тәрбие алдық. Ағам Арсен мен әпкем Айнұрдың шахматтан спорт шеберіне үміткер деген атағы бар.

— Бүгінде екі кітаптың авторысыз. Екуінің айырмашылығы қандай?

— Алғашқысы «Шахматтағы алғашқы қадам» («Первые шаги в шахматах») атаумен жарық көрді. Бұл кітапта шахмат әлеміне қалай келгенім, жетістікке жету үшін қандай қадамдарға барғаным баяндалады. Ал екіншісі «Шахмат ойнал үйренейік». Кітапта шахмат алфавиті бар. Шахмат, тарих, ережелер, тактика, тапсырмалар, зфирлерді шешу, тапсырмаларға жауаптар, ойын барысында мінез-құлық ережелерін білу — мұның бәрін оқылықтан табуға болады. Жалпы Қазақстанда халықаралық шахмат техникасын әлемдік чемпионаттар мен халықаралық турнирлерді пайдалана отырып көрсететін қазақ тілінде оқылықтар жоқ. Кітап жазу маған оңайға соғады. Өйткені отандық тілде мұндай кітап жоқ еді. Қазақ тілінде көптеген шахмат терминдері жоқ. Сондықтан мен осы кітапты құрған кезде филологтарға кеңес бердім. Бұл басылымды мектептерде және өртүрлі білім беру орталықтарына таратуды жоспарлап отырмын. Теориялық кітаптар — шахматтың бизнес-курес үлгісінің бірі.

— Көркем гимнастика мен біді тастайтынды шахмат несімен баурап алды?

— Шахмат — құпиясы мол, өте тартымды, тұңғыш әлем. Оның бар құпиясын игеру екінші бірне бұйыр бермейді. Бір жүрістен кейін екінші жүрісті ұтымды ұйымдастыру жолында өзіңмен өзін іштей арпалысып, зерінде қарсыласына қарымта қайтару үшін бір сәтте бірнеше жүрістің ыңғайы байқал көресің. Бұл — енді ғажай процесс. Сол сәтте айналада болып жатқан әрекеттің ешқайсысы да елең еткізбейді, бейнебір оның бәрі сенен басқа, өзге жерде өтіп жатқандай. Өзіңмен өзін, бар сана

мен зейінің тек алдындағы шаршы тақтадағы фигураларда болады. Көз алдыңнан түрлі комбинациялар өтеді. Ыңғайлы жүрісті тауып, ол жемісін берген кезде көз келген спортшы бастан өткерер керемет сезім бойды көрмейді. Бақыт бесігінде төрбелгенді сезіну — ерекше шабыт сыйлар, құды бір сәтте көкте қалықтап бара жатқандай, бұял жан дүниенізде байқалар ғажай әсер адамға рухани күш сыйлауымен құнды. Сөз жоқ, мұндай көңіл-күй келесі бір жеңіске жігерлендіріп, алға ұмтылдырады, келесі бір биіктерді бағындыруға жетелейді. Шахматтың осындай құбылысы өзге спорттан бас тартылады.

— 4 тілде еркін сөйлейсіз. Тағы қай тілді меңгеру жоспарда?

— Шетел жазушыларының шығармасымен көбірек танысу үшін тіл үйрендім. Бүгінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінен бөлек, корей тілінде еркін сөйлеймін. Француз және араб тілдерін үйрену үстіндемін. Корей тілін үйренудегі басты себеп, аталған елді ерекше құрметтеймін. Олардың салт-дәстүрі, ұлттық тағамдары қатты ұнады. Ал француз тілі — әдемі естілетін әрі нәзік тіл. Оны меңгеру арқылы сол елдің жазушыларының еңбегін аудармасын оқығым келеді.

— Шахматтан тыс немен айналысасыз?

Спортшылардың барлығы да шаршайды. Мұндай кездерде ең бастысы, өзіңе жағлы атмосфера жасаған жөн. Мысалы, мен Астанада болсам, қаланы аралағанды жақсы көремін, таза ауада серуендеймін. Жақсы көретін музыкаларды тыңдап, кітап оқимын. Мұның бәрін стресті жойып, шахматтың режиміне қайта қосылуына септігін тигізеді.

— Шахматты үйренгісі келетіндердің алғашқы қадамы қандай болуы керек?

— Шыдамдылық. Шахматпен тағдырын байланыстырмайын деген жан тейімді болмаса, бәрі бекерге айналып ұқымал. Мұнда басты жолдасы — сабырлықтың. Шахмат — байсалды әрі байырлықты, сабырлықты қажет ететін спорт түрі. Асықпай, тек көз алдындағы шахмат тастарыңа асқа ешнәрсені де елең етпей, бар санаң тақтада отырғанда ойынды бөл — сәтсіз шешім.

Әңгімелескен
Зере ӘДІЛЕТ

ҰПАЙДАН ШАШАУ ШЫҒАРМАДЫ



Қызылордалық «Қайсар» біріншіліктің 3-турында «Ігілікті» қабылдады.

Кездесу бас төреші Ысқақовтың ысқырығынан кейін ширақ басталды. Алаң мелері үстін-үстін шабуылға шығып, қонақтарды қыспаққа алды. Дегенмен Авакян шәкірттері қорғаныста сауатты ойнап, 90-минутқа дейін қақпасын құрғақ ұстады. Қасқырлар 3 ұпайды ұстаған шығармасы үшін шабуылға ұмтылды. Мамаду Диалло төрешінің қосымша белгілінген уақытында гол соғып, «Қайсарға» кезекті жеңісті сыйлады. Қорытынды есеп: 1-0.

Қайсар-Ігілік 1-0

Го: Диалло 90+3

Қайсар: Салайдын, Горизанов (Бауыржан 46), Сарбай (Жалмұқан 65), Жұмаханов, Жоау, Құлмағанбетов, Байжанов, Сахалбаев, Сламбеков, Алтынбеков (Диалло 46), Сидоренко (Махан 81).

АЗИЯДА ҮЗДІКПІЗ



Ақмола облысында бір көтеруден Азия чемпионаты мәресіне жетті. Құрлықтың бәсекеге Индия, Корея, Моңғолия, Әзбекстан, Қырғызстан және Қазақстаннан 200-ден астам спортшысына сынға түсіп, мықтыны анықтады.

Айтулы аламанда Сыр спортшылары да бақ сынап, 1 алтын, 4 күміс жүлдеге ие болды. Атап айтсақ, ардагерлер арасында Айтмағанбет Асанбеков жарыс жеңімпазы атанды.

Ал Дінмұхаммед Санар, Михаил Апопов, Серік Ибрагимов күміс жүлдені місе тұтты. Жеңімпаздарды белгілі жаттықтырушы Шыңғыс Азнабаев дайындап, жарысқа қосты.

БОКС: РЕЙТИНГ ЖАҢАРДЫ



Барлық боксшылардың кәсіби жетістігін саралап отыратын Boxrec.com сайты үздік қазақстандық он спортшының тізімін жаңартты.

Геннадий Головкин біраз уақыт үзілістен кейін рингке оралып, рейтингте қайтадан көш бастады. Жәнібек Әлімханұлы сәйкесінше екінші орынға түсті. Үздік үштіктен Сергей Липинцев «белсенді болмағаны» үшін шығып қалды, оның орнына Мейірім Нұрсұлтанов келді.

BoxRec тұжырымы бойынша үздік он қазақстандық боксшы: Геннадий Головкин (42-1-1, 37 KO) — 684.7, Жәнібек Әлімханұлы (11-0, 7 KO) — 30.8, Мейірім Нұрсұлтанов (16-0, 9 KO) — 17.58, Батыр Жүкембаев (19-1, 15 KO) — 13.59, Қанат Ислам (28-1, 22 KO) — 12.51, Данияр Елеусінов (11-0, 6 KO) — 12.07, Руслан Мадиев (14-2, 5 KO) — 11.96, Али Ахмедов (18-1, 14 KO) — 10.69, Жан Косовуцкий (17-0, 16 KO) — 9.655 пен Бекман Сойлыбаев (13-1, 5 KO) — 8.247.

Бетті дамыданған: ЕШӨРІБЕК

МАМАН КЕҢЕСІ

Егер баланың спортпен айналысуын қаласаңыз, ең алдымен оның бағытын анықтап алу қажет. Таңдау жасалған спорт түрінің баланың икемді болуы шарт. Бұл нәрсесі мамандық таңдаумен пара-пар.

Өдетте бала үшін спорт таңдаудағы соңғы сөз ата-анада болады. Көптеген жас ата-ана ең алдымен беделге назар аударатыны құпия емес. Егер анасының ұлы гимнасттың болу деген арманы орындалмай қалса, ол қызын гимнастикалық секцияға беругі бек мүмкін. Сондай-ақ футболды жаңы сүйетін әке ұлының әлемдік футбол жұлдызы болуын қалайды. Ал егер баланың өзін қалаған спорт түріне зауқы немесе қабілеті болмаса уақыты зая кетті дей беріңіз.

Ендеше назарды ең әуелі неге аудару керек?

1. Алдымен баланың денсаулығына және икеміне қараған

дұрыс.

2. Баланың физиологиясы мен дамуының психо-логиялық қырына мән беріңіз.

3. Қала-

таңдай қоймас, сондықтан бірнеше нұсқаларды ұсынып, оған таңдау жасауға мүмкіндік беріңіз. Өйткені спорттық сабақтардан алған ләззат қозғалыс жаттығуларына қарағанда едәуір пайда әкелетінін ескерген жөн.

4. Жаттығу бөлмесі де мұнда маңызды рөл атқарады. Зал кең және жарық болса қызығушылықты одан сайын ұлғайтады.

5. Спорт залына дейінгі жолға да назар аударыңыз. Секцияны үйге немесе мектепке жақын жерден іздестіріңіз. Қызыңыз немесе ұлыңыз жаттығуға өздері баратын болса ыңғайлы болмақ, ал егер үйден алшақ жерге қатынап жүретін болса баланың сабаққа деген қызығушылығы кеміп, бар ынтасымен жаттықпайтын болады.

6. Сондай-ақ жаттықтырушыға да көңіл бөлген дұрыс. Себебі сырт келбеті тартымды, сымбаты келікен, үнемі белсенді жүретін жетекшіден тәлім алған кімге де болсын ұнайды.

Қаныш АЛДАНЫШ

Күн санап жеткіншектердің спортқа қызығушылығы артып келеді. Бүгінде өрбір шаңырақта «баланы қай үйірге беру керек» деген сұрақ күн тәртібінде.

уына құлақ түріңіз. Ол өзінің сүйікті секция-сын бірден

СПОРТ ҮЙІРМЕСІН ҚАНДАЙ ТАҢДАУ НЕГЕР?

Бір сурет – бір мағына

Ақындардың да туындысы дәл осылай аяқсыз қалып жатады. Десе де бұл қалыпты құбылыс. Сондай-ақ суретшілердің әлемі бөлек, түсінігі бір басқа. Олар қиял әлемінде өмір сүреді. Өзгеше, басқаша дүниені армандайды. Көкте шарықтап жүреді. Дегенмен таң дүние шығады. Осындай әсем дүниені жарыққа шығарып жүрген жас таланттың бірі – Фариза Қалибекқызы. Ол Қызылорда қаласының тұрғысы. №197 мектепте білім алған. М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық колледжінде бейнелеу өнері және сызу мамандығы бойынша оқыған. Сондай-ақ Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде білім алған. Бүгінде М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінде оқытушы болып қызмет атқарады.

Балалардың көбі балалық шағында сурет салғанды ұнатады. Ата-анасы «менің балам суретші болады» деп бір қуанып қалады. Олар ғажайып әлем мен батырларды ойлап тауып, қағаз бетіне түсіреді. Бұл бірте-бірте суретші болуға жетелейтін ерекше сезім. Біздің кейіпкеріміз де сурет салуды бала кезден жанына серік еткен.

“Сурет салу бала кезгі арнымым болатын. Мен сурет салудан шабыт аламын, күш жинаймын. Шыны керек, 6 жасымнан бастап осы іспен шұғылданып келемін. Сурет салу – танымның бір әдісі. Бос уақытыңның көбі осымен өтетін. Жинаған туындыларым көп. Бала кезгі салған суреттерім де сақтаулы тұр. Айтпағым, ең алдымен бала сурет сала бастаған кезде оған “мынау дұрыс емес” деп үйретілеу керек. Баланың бірте-бірте сурет салуға деген құлшынысы онанда, махаббаты ашылады. Менің бала кезімде ешкім қателігімді айтып, оны жөндеген емес. Бояуды беталды пайдалануға қарсылық білдіретіндер де бар. Бұл да дұрыс емес. Бала сурет салғанда еркін болу керек. Нені қалайды, соны жасасын. Беттің бәрін толық бояп тастаса да бұл оның өз еркінде болғаны жөн. Егер баланың күшкентай кезінен бастап өз қалауы бойынша өмір сүруге үйретсеңіз, ол болашақта өзіне не керектігін түсінеді, өзі немен айналыса алатынына көз жеткізеді. Ата-анам бетімен қаққан емес, қандай сурет салғым келеді, қандай құрал пайдаланғым келеді бәрі өз еркінде болды. Осылайша өз шығармашылығымды дамыта алдым. Қазіргі таңда туындыларым тапсырыс көп”, – дейді кесібі суретші.

Рас біз көбіне бала бір нәрсенен айналыса қасына барып, дұрыс-бұрысын үйретіп өлөк боламыз. Бақсақ, бұл қате ұғым екен. Фариза студенттерге дәріс береді. Бірақ

ол бұл әдістерді әлі де пайдаланып келеді. Басты талабы салған дүниені нашар деп деп кесіп бағаламау. “Сенің қолыңнан келмейді” деп ынтысына балта шаппау, еркіндік беру.

– Бүгінде суретшілерді инстаграм желісіне жүктеп келемін. Қызығушылар бар. Суретті салу уақыты картинаның пішініне байланысты. Сапалы бояумен саламын. Тапсырыс көбіне осы түріне



Суретші болу – бұл қызықты дүниелерді көре білу, түстерді сезіну. Бүгінде суретші болуға талпынатын жастар өте көп. Олар әлемді басқа қырынан танып, табиғаттың әсемдігін қалам арқылы жеткізеді. Барлық ғажайыпты бір параққа тоғыстыру да үлкен шеберлік екені анық. Қылқалам иелерінің жұмысын бағалаудың өзі үлкен өнер. Сөбебі олар бір туындыға көмінде бір жылдың арнауы ғажап емес. Шабытпен жұмыс істейтін өнер иелері бастаған туындысын аяқтай алмай қалатын сәттері де жиі кездеседі екен. Бұл нағыз шығармашылық адамдарына тән дүние.

түседі. Портрет жанры бойынша да саламын. Графикалық түрінде майлы бояумен немесе түрлі-түсті қарындашпен портрет саламын. Мәселен, графикалық портретке 5-6 сағат уақыт кетеді”, – дейді Фатима.

Қарындаштың түр-түрі бар. Суретшілер қандай түрін пайдаланады, оларға ыңғайлысы қандай? Мұның барлығы өздеріне аян. “Менің ойымша, ең жақсы кәсібі қарындаштың – Faber Castell POLYCHROMOS. Бұл қарындаштардың



формасы дөңгелек. Бір компанияның акварельді қарындаштарымен шатастырмау керек. POLYCHROMOS

суда ерімейді. POLYCHROMOS желісінде 120 түс бар, олардың ішінде картинаға металл түсті – алтын, күміс және қола, жалпы реңктерді таңдау таңқаларлық дүние. Оларды пайдалану өте қолайлы, қағазға ақырын жүғады, тығыз орналасады, өте ашық түстерге ие, кірленбейді. Тіпті, қосымша бекітуді қажет етпейді”, – дейді Фатима.

Фатиманың қолынан шыққан туындыларының бірі бірінен өтеді. Тапсырыс берушілер арасында ата-ана, бауырларының картинасы көбірек сұранысқа ие екен. – Эскиздерді портрет өнер туындысы, музейлік экспозиция, тек сідің үйіңізге немесе жұмыс орнына қажет дүние. Портрет үшін фотосурет таңдауда нені ескеру керек? Ашық түстердің көп болуы маңызды. Әлеуметтік желі фотосуреттерді сығымдайтын, ал үлгіуі кезінде кескін бұлыңғыр болатынын есте ұстаған жөн. Суреттің сапасын ескеру керек. Күндіз емес, басқа мезгілде жарықпен түсірілген фотосурет те жарамды”, – дейді суретші.

Балалардың бойында сурет салуды, өнерге деген талғамды қалыптастыратын уақыт – 11 жас. Өнер мектептері де осы жастан бастап қабылдап, сурет салудың қыр-сырын үйретеді. Бұл – жас баланың ішкі еркіндігі сақталатын, қоғамдық қалып пен қорқыныштың жоқ кезі. Біздің кейіпкеріміздің де туындылары дәл осы жаста жандана түсті, ол дәл осы уақытта өз-өзіне деген сенімділігін нығайтты. Сурет әлеміне сапар шекті.

Мәлдір САБЫРЖАН

БАЙҚАҰ БАЙҚАҰ БАЙҚАҰ! „АЛТЫН САҚА“ ОБАЫСТЫҚ ЕРТЕГІ БАЙҚАУЫ

Облыстық «Ақмешіт жастары» газеті «Балалар жылына» орай 12-17 жас аралығындағы білім алушылар арасында ертегілер байқауын жариялайды.

Байқаудың мақсаты: «Балалар жылы» аясында мектеп оқушылары мен жасөспірімдер шығармашылығын қолдау, аймақтағы балалар әдебиетін дамыту.

1. БАЙҚАҰ ЕРЕЖЕСІ

1.1. Байқауды «Ақмешіт жастары» газеті және облыстық білім басқармасы бірлесе ұйымдастырады.

1.2. Байқау шығармалары газетке және әлеуметтік желіге тұрақты түрде жарияланады.

2. Байқау шарттары мен тәртібі

2.1. Байқауға 12-17 жас аралығындағы облыстағы білім алушылар қатыса алады.

2.2. Қатысушылардың материалдарын жариялау 2022 жылдың 30 наурызынан басталып, 20 мамырға дейін қабылданады.

2.3. Материалдар басылымның aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru электрондық поштасына қабылданады. Тел: 40-11-10; +7784020511

3. Байқау материалдарына қойылатын талаптар:

3.1. Байқауға газет-журналға, сайттарға бұрын жарияланбаған жұмыстар қабылданады. Интернеттен, кітаптан және бұқаралық ақпарат құралдарының мәтіндерін пайдалануға, плагиатқа жол берілмейді. Бірлескен авторлыққа жол берілмейді (ертегіні бір оқушы жазуы тиіс).

3.2. Жұмыс мәтіндік редактордың Word түрінде жазылуы керек. Қарпі – Times New Roman, өлшемі 14, жол аралығы – 1, парақ енімен тегістеу. Жұмыстың көлемі А-4 форматының 2 бетінен аспауы керек (титлуды бетті қоспағанда). Жұмыстың титулдық бетінде автордың аты-жөні, білім беру ұйымының толық атауы, конкурстық жұмыс атауы көрсетілуі қажет.

4. Қорытынды

4.1. Ертегі байқауының жеңімпаздары 1 маусым – Балалар күні қарсаңында анықталып, газет бетіне жарияланады.

4.2. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге дипломдар мен бағалы сыйлықтар беріледі.



JULDYZ – JORAMAL

(5 мамыр – 11 мамыр)



Тоқты

Апта сәтті басталады. Егер асығыстық танытпасаңыз, ешқандай қателікке бой алдырмайсыз. Сонымен қатар барлық мәселеде жалғыз өзіңіз шешім қабылдағаныңыз жөн.



Торпақ

Қандай мәселе орын алса да, өз ақыл-ойыңызды тыңдаңыз. Сонымен қатар қаржылық мәселені бірыңғайлайсыз. Аптада өмірдің жаңа баспалдағын аттайсыз. Өзіңіздің жоспарларды жүзеге асырып, белсенділік танытатын уақыт.



Еріз

Достарыңыздан хабар күтіңіз. Жақсы жаңалық болуы мүмкін. Десе де шешім қабылдағанда абай болыңыз. Барлық шаруаны орындау, мақсатқа жету оңайға соқпайды. Бірақ сіз еш берілмейсіз. Табандылықтың арқасында біраз жетістікке жетесіз.



Шаян

Ештеңеге алаңдамаңыз. Көп күш жұмсамастан біраз жетістікке жетуге мүмкіндік бар. Сіз барлық мүмкіндікті көре аласыз. Сүйегіңізбен бірге болыңыз. Ол өзін жалғыз сезініп жүр, қолдау көрсеткеніңіз жөн.



Таяуеші

Сабырлы болуға тырысыңыз. Кейде айналыңыздағы адамдар сізді әдейі ашуландыруы мүмкін. Сондықтан арандатушыларға ерменің. Жоспарды жүзеге асырып, белсенділік танытатын уақыт. Болашағы зор жұмысқа орналасуға немесе жаңа кәсіп бастауға қолайлы сәт.



Арыстан

Адамдармен тіл табуысу қиына соғады. Тіпті, жақын адамдардың өзі сізді дұрыс түсінбеуі мүмкін. Ойлау қабілеті терең жандар орын алған оқиғалардың соны қалай аяқталатынын жақсы біледі. Сондай-ақ барлық жұмыста белсенділік танытып, оң шешім табуға атсалысады.



Бикеш

Бұрын қолыңыздан келмеген шаруаларды аптада соңына дейін жеткізесіз. Іскерлік және жеке қарым-қатынасты қалыпта келтіре аласыз. Барынша сабыр сақтай біліңіз. Егер шымдамсыздық танытсаңыз, көп қателік жіберуіңіз мүмкін.



Таразы

Ойлаңыңыз. Егер алдағы күндерге жоспар құрсаңыз барлық жұмысыңыз алға басады. Өз мүмкіндігіңізді пайдаланып, барлығын дөңгелетесіз. Ұстаздар, кеңесшілер, саудагерлер және делдалдар үшін өте сәтті апта болмақ. Бұл жандар

табысты болады. Әйтпесе, топ болып жұмыс істейтіндердің айы оңынан туады.



Сарышаян

Қызметте жолыңыз болады. Қалтаныз да қалыңдайды. Бірақ қалта қалыңдайды деп достарыңызды ұмытып кетпеңіз. Аптада сәттілік сергіңіз болады. Соңғы уақытта сызат түскен қарым-қатынасты қайта қалыпта келтіресіз. Ескі қателіктерді де жөндейсіз.



Мөрген

Аптаның жақсы басталады, уақытыңыз бекерге өтпейді. Ойын-сауық кештерге баруыңыз мүмкін. Алғашқы күндерді серік еткізуге тырысыңыз. Аздаған қиындықтар болады, алайда алаңдауға негіз жоқ. Бәрі реттеледі.



Сұқұйғыш

Өміріңізде қандай мәселе туындаса да, алдымен жақындарыңыз бен туыстарыңызды тыңдаңыз. Ешқандай жағдай отбасылық тұңдылықты жоймауы керек. Өзіңізге не керек екенін, кімнің жақын екенін айқындайтын уақыт. Ойлаңыз, болашаққа жоспар құрыңыз.



Балық

Апта ерекше көңіл-күй сыйлайды. Бір уақытта бірнеше жұмыс істеуіңізге тура келеді. Оған еш ренжімейсіз. Бірақ назарыңызды бір жұмысқа аударғаныңыз дұрыс. Аптада достарыңызбен бас қосасыз, мерекелік кеш көп болады.

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеу алынып, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті. КР СТ ИСО 9001:2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢАРБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ

Газет өр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар еңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8 17242 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8.17242 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary@gmail.com
Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 8059
Тапсырыс: 706

Көзкез редактор: Дина БӨКЕБАЙ